

2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 297 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қарашада № 7584 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 9 бабы 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мәртөк ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мәртөк ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы бекітілсін.

2. "Мәртөк аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуді;
- 2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін, Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Мәртөк ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауданының әкімі


Е. Кенжеханұлы

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2020 жылғы
3 қарашадағы № 297 қаулысына
қосымша

2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаникалық зерттеп - қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы

Жылдар	1-қаша	2-қаша	3-қаша	4-қаша
2020	көктемгі-жазғымезгіл 1	жазғы мезгіл 2	күзгі мезгіл 3	демалатын қаша
2021	демалатынқаша	көктемгі-жазғымезгіл 1	жазғы мезгіл 2	күзгі мезгіл 3

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 – жылына қашаны пайдалану кезегі



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК